

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 120 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 63-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды жетілдіру және талдау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 120 Бұйрығына
қосымша

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабы 63-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеменің мақсаты жоспарлау процесіне қатысушылардың бірыңғай стандартталған тәсілдерін қолдану негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) медициналық көмектің және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау кезінде тиімділік пен ашықтықты арттыру болып табылады.

3. Әдістеме денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы стандарттарға сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетудің түрлері, нысандары мен шарттары бойынша пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдарын айқындайды.

4. Жоспарлау кезеңдерінің реттілігі "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-290/2020 бұйрығына сәйкес айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21844 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ-290/2020 бұйрық).

5. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:

1) АИТВ инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусы туындатқан, иммундық жүйенің ерекше зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы қалыптасқанға дейін оның баяу бұзылуына алып келетін созылмалы инфекциялық ауру;

2) АИТВ инфекциясына байланысты халықты зерттеп-қарауға арналған тариф – АИТВ инфекциясына зерттеп-қарауға байланысты өтініш білдірген бір адамға шаққандағы ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құны;

3) АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға арналған тариф – клиникалық хаттамалар негізінде қалыптастырылатын, АИТВ-инфекциясын жұқтырған бір адамға

есептегенде ТМККК шеңберінде АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;

4) ТМККК шеңберінде ауыл халқына қызметтер көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – ауыл халқына арналған КЖН) – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компонентінен тұратын, "Бекітілген халық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БХТ" АЖ) бекітілген бір ауыл тұрғынына есептегенде ТМККК шеңберіндегі көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер көрсету (көмек) сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

7) "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "ДНЭТ" АЖ) – диспансерлік науқастарды уақтылы анықтаудың, тұрақты байқаудың және сауықтырудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

8) "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінің "Наркологиялық науқастардың тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – "ННТ" кіші жүйесі) – психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды электрондық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

9) "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінің "Психикалық науқастар тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – "ПНТ" кіші жүйесі) – психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды электрондық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

10) "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінің "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – "ТНҰТ" кіші жүйесі) – туберкулезбен ауыратын науқастардың деректерін электрондық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

11) достық кабинетке жүгінген негізгі халықтың топтарының бір тұлғасына тариф – достық кабинетке жүгінген халықтың түйінді топтарының бір тұлғасына есептегенде ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер кешенінің құны;

12) емделіп шығу жағдайы – пациентке стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын шарттарда емдеуге жатқызылған сәттен бастап жазылып шыққанға дейін көрсетілген медициналық қызметтер кешені;

13) жедел медициналық жәрдем – өмірге қатер төндіретін жіті аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;

14) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

15) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры – аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым (бұдан әрі – Қор);

16) медициналық көмек – дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

17) медициналық көрсетілетін қызметтер – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

18) медициналық оңалту – пациент организмінің функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

19) медициналық-әлеуметтік көмек – бұл тізбесін уәкілетті орган айқындайтын әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдарға көрсетілетін медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек;

20) медициналық-санитариялық алғашқы көмек – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

21) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – МСАК субъектісі) – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде "БХТ" порталында тіркелген, бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

22) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – МСАК КЖН) – МСАК денсаулық сақтау субъектісіне "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК кепілдік берілген компонентінен және МСАК КЖН ынталандырушы компонентінен тұратын бір адамға бекітілген ТМККК шеңберінде МСАК қызметтері кешенінің құны;

23) "Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "ОНЭТ" АЖ) – онкологиялық патологиясы бар науқастардың деректерін электрондық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

24) паллиативтік медициналық көмек – радикалды емдеу жүргізуге көрсетілімдері болмаған кезде жазылмайтын ауру пациенттің ауырсынуын (жай-күйінің) және ауыр көріністерін жеңілдетуге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

25) психикалық денсаулық орталығының бір науқасына арналған кешенді тариф – "ДНЭТ" АЖ-ның ННТ және ПНТ кіші жүйелерінде тіркелген бір науқасқа шаққандағы ТМККК шеңберінде психикалық денсаулық орталықтарының ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;

26) республикалық денсаулық сақтау ұйымдары – уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдары, дербес білім беру ұйымының денсаулық сақтау ұйымдары, медициналық білім беру ұйымдары;

27) скринингтік зерттеулер – клиникалық симптомдары мен шағымдары жоқ халықты ерте кезеңде түрлі аурулардың өршуін, сондай-ақ олардың пайда болу тәуекелі факторларын анықтау және алдын алу мақсатында медициналық зерттеп-қарау кешені;

28) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек – дәрігерге дейінгі, мамандандырылған медициналық көмекті, оның ішінде тәулік бойы медициналық байқауды және емдеуді талап етпейтін және төсек-орын бере отырып, күндізгі уақытта медициналық байқауды және емдеуді көздейтін жоғары технологиялық медициналық көрсететін қызметтерді қолдана отырып ұсыну нысаны;

29) стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек –тәулік бойы медициналық байқауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанумен төсек-орын беруді көздейтін, оның ішінде "бір күннің" терапиясы мен хирургиясы жағдайларында және медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы тәулік ішінде тәулік бойы байқауды көздейтін, бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

30) стоматологиялық көмек – диагностиканы, емдеуді, профилактиканы және медициналық оңалтуды қамтитын стоматологиялық аурулары бар пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

31) тариф – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету кезінде түзету коэффициенттерін ескере отырып есептелген медициналық қызмет бірлігінің немесе медициналық қызметтер кешенінің құны;

32) төсек күн – науқастың стационар жағдайында өткізген күні;

33) туберкулезбен ауыратын бір науқасқа кешенді тариф – Туберкулез науқастарының ұлттық тіркелімі кіші жүйесінде тіркелген туберкулезбен ауыратын бір науқасқа есептегендегі ТМККК шеңберінде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны.

2-бөлім. Халықтың қажеттілігі негізінде ТМККК шеңберіндегі медициналық көмектің және МӘМС жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау кезеңдері

6. Халықтың қажеттілігі негізінде жоспарлаудың бірінші кезеңінде ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау (бұдан әрі – жоспарлау) Қазақстан Республикасы бойынша, сондай -ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде "Бекітілген халық тіркелімі" ақпараттық жүйесінің деректері бойынша бекітілген халықтың жыныстық-жастық құрылымына талдау жүргізіледі.

7. Қосымша Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық нысандары негізінде қалыптастырылатын демографиялық болжам деректері пайдаланылады.

8. Демографиялық болжам өңірлер бөлінісінде жыныстық-жастық өлім жағдайларының коэффициентін, жас санаты мен өңірлер бөлінісінде бала тууды, сондай-ақ өңірлер бөлінісінде сыртқы және ішкі көші-қон коэффициентін есепке алады.

9. Шығыс деректері жынысы, жасы, өңірі бойынша халық саны туралы егжей-тегжейлі деректер болып табылады.

10. Жоспарлаудың екінші кезеңінде өткен кезеңдердегі жас топтарындағы аурулардың класы бойынша ауруларға талдау және болжамды ауруларға есептеу жүргізіледі.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінің деректері, сондай-ақ ведомстволық статистикалық есептілік негізінде сырқаттанушылықты талдау және болжау үшін "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 15 "Медициналық ұйымның қызмет көрсету ауданында тұратын науқастарда және диспансерлік бақылаудағы науқастар контингенттерінде тіркелген аурулардың саны туралы есеп" есептік нысаны пайдаланылады.

12. Жоспарлаудың үшінші кезеңі ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, медициналық көмек көрсетудің түрлері, нысандары мен шарттары бойынша жас, жыныс, аурулар бөлінісінде өткен кезеңдер (үш жыл) ішіндегі медициналық қызметтерді нақты тұтынуды жинауды, өңдеуді және талдауды қамтиды.

13. Төртінші (қорытынды) кезең демографиялық құрылым деректерін, жыныстық-жас құрылымы бөлінісінде аурушандықты, денсаулық сақтау саласындағы

стандарттарды, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, жынысы мен жасы бөлінісінде медициналық көмекті тұтынудың нақты жиілігін ескере отырып, халықтың болжамды қажеттілігінің көлемін қалыптастыруды қамтиды.

3-бөлім. Халықтың қажеттілігі негізінде медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау есептерінің әдістері мен құралдары

14. Есептеу әдістері мен құралдары оны көрсету түрлері, нысандары мен шарттары бойынша қолданылады, осы Әдістемеге 1 – 23-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

15. Есептеу әдістері мен құралдарын пайдалану кезінде медициналық көмектің түрлері/нысандарының ерекшеліктері, есепке алу үшін көлем бірліктері, сондай-ақ төлем әдістері ескеріледі.

16. Есептеу формулаларында өңіраралық теңестіру мен көлемдерді біркелкі бөлу тетіктері көзделген.

4-бөлім. Қорытынды ережелер

17. Есептеу әдістемелері мен құралдарын әзірлеу кезінде статистикалық талдау әдістері, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды қолдану кезінде нормалау әдістері, сондай-ақ экономикалық-математикалық модельдеу әдістері пайдаланылды.

18. Әдістеме медициналық көмектің көлемдерін есептеу құралы болып табылады және халықтың болжамды қажеттілігін медициналық көмектің түрлері, нысандары мен оларды көрсету жағдайлары бойынша айқындау кезінде қолданылады.

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберіндегі медициналық
көмектің және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесіндегі
медициналық көмектің
көлемдерін жоспарлау
әдістемесіне
1-қосымша

Жедел медициналық көмек көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы

№ ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21858 болып тіркелген) сәйкес түзету коэффициенттерін ескере отырып, өңірдің жан басына шаққандағы норматив тарифін есептеу.

Жедел медициналық көмек көлемдерін жоспарлау үшін өңірдің жан басына шаққандағы нормативі тарифінің мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = \text{ЖН} * (\text{ЖЖК} + (\text{ТК}-1) * (\text{АК}-1) * (\text{ЖК}-1) * (\text{ЭК}-1)) * \text{ӨК},$$

мұндағы:

ЖН – жан басына шаққандағы норматив;

ЖЖК – жыныстық-жас коэффициенті;

ТК – халық тығыздығының коэффициенті;

АК – ауылдық жердегі жұмыс үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

ЖК – жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

ЭК – экологиялық коэффициенттер;

ӨК – өңірлік коэффициенттер.

Жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері мен түзету коэффициенттері "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-170/2020) 16-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Жоспарланған бюджетті есептеу

Өңірдің жоспарланып отырған жедел медициналық жәрдем бюджеті демографиялық болжамға сәйкес халықтың орташа жылдық санына мынадай формула бойынша есептеледі:

$$AB = T * X * 12,$$

мұндағы:

T – өңірдің жан басына шаққандағы нормативі тарифі;

X – демографиялық болжамға сәйкес халықтың орташа жылдық саны*.

* Актуарлық есептеулер жүргізу регламентіне сәйкес демографиялық болжам

Қазақстан Республикасы бойынша жоспарланатын жедел медициналық жәрдем бюджеті мына формулаға сәйкес есептеледі:

$$BK = \sum AB,$$

мұндағы:

AB – өңірдің жоспарлы жедел медициналық жәрдем бюджеті.

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберіндегі медициналық

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

МСАК қызметтеріне болжамды қажеттілікті есептеу

Ауданның/қаланың/облыс орталығының/астананың кешенді жан басына шаққандағы нормативін (бұдан әрі – КЖН) есептеу мына формулаға сәйкес жүзеге асырылады:

$$КЖН = БКЖН * (ЖЖК + (ТК - 1) + (АК - 1) + (ЖК - 1) + (ЭК - 1)),$$

мұндағы:

БКЖН – базалық кешенді жан басына шаққандағы норматив;

ЖЖК – жыныстық-жас коэффициенті;

ТК – халық тығыздығының коэффициенті;

АК – ауылдық жердегі жұмыс үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

ЖК – жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

ЭК – экологиялық коэффициенттер;

Базалық КЖН мөлшері мен түзету коэффициенттері "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына 8-қосымшаға сәйкес айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген).

Жоспарланатын бюджеттің есебі

Ауданның/қаланың/облыс орталығының/астананың МСАК жоспарланған бюджеті демографиялық болжамға сәйкес орта жылдық халық саны негізінде мына формула бойынша есептеледі:

$$ӨБ = КЖН * X * 12,$$

мұндағы:

КЖН – ауданның/қаланың/облыс орталығының/астананың кешенді жан басына шаққандағы нормативі;

X - демографиялық болжамға сәйкес халықтың орташа жылдық саны *.

* Актуарлық есептеулер жүргізу регламентіне сәйкес демографиялық болжам

Қазақстан Республикасы бойынша МСАК-тың жоспарланған бюджеті мына формулаға сәйкес есептеледі:

$$ҚБ = \sum \ThetaБ,$$

мұндағы:

$\ThetaБ$ – ауданның/қаланың/облыс орталығының/астананың МСАК-тың жоспарланған бюджеті.

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберіндегі медициналық
көмектің және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесіндегі
медициналық көмектің
көлемдерін жоспарлау
әдістемесіне
3-қосымша

Жеделдіктің төртінші санатының жедел медициналық жәрдем шақыртуларына қызмет көрсету бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмектің (бұдан әрі – МСАК) көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Жеделдіктің төртінші санаттындағы жедел медициналық жәрдем шақыртуларына қызмет көрсету бойынша МСАК көлемдеріне бюджетті жоспарлау кезең-кезеңмен айқындалады:

1) өңір деңгейінде бюджетті жоспарлаудың бірінші кезеңінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\ThetaБ = X * T * 12,$$

мұндағы:

X – демографиялық болжамға сәйкес халықтың орташа жылдық саны *.

* Актуарлық есептеулер жүргізу регламентіне сәйкес демографиялық болжам

T – жоспарлау жүзеге асырылатын жылы жедел медициналық көмек қызметтерімен бекітілген күрделілігі IV санаттағы 1 қызмет көрсетуге арналған тарифі.

2) екінші кезеңде республика деңгейінде бюджетті жоспарлау мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ҚБ = \sum \ThetaБ,$$

мұндағы $\ThetaБ$ – жоспарлау жүзеге асырылатын жылғы өңірдің жоспарланған бюджеті

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберіндегі медициналық
көмектің және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесіндегі

Динамикалық байқау көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Динамикалық байқау көлемдерінің болжамды қажеттілігін есептеу үшін деректер

№	Өңір	Аурулар тобының атауы	АХЖ-10 коды / Қызмет коды	Зертханалық-диагностикалық зерттеулердің минимумы			
				Диагноздың / қызметтің атауы	Көрсетілетін қызметтің құны	1 - ш і науқасқа көрсетілетін қызметтер саны / жылына еселігі	Жылына бір науқасқа шаққандағы сома теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Барлық диспансерлік науқастар	Қызмет көрсету ықтималдығы	Стандарт бойынша қаражатқа қажеттілік		Қызмет көрсету ықтималдығын ескере отырып, қажеттілікті есептеу	
		Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
9	10	11	12	13	14

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АХЖ-10-аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі, оныншы қайта қарау.

Көрсетілетін қызметтердің ықтималдығын ескере отырып, болжамды қажеттілікті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$BҚ = CҚ * Ы,$$

мұндағы:

CҚ – стандарт бойынша қаражатқа қажеттілік;

Ы – қызмет көрсету ықтималдығы.

Көрсетілетін қызметтердің ықтималдығын ескере отырып, қажеттілік санын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$ЫС = CС * Ы,$$

мұндағы:

CС – стандарт бойынша қажеттілік саны;

Ы – қызмет көрсету ықтималдығы.

Қаражатқа қажеттілікті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$CҚ = C1 * ДН,$$

мұндағы:

C1 – жылына 1 науқасқа шаққандағы сома,

ДН – барлық диспансерлік науқастар.

СС=Қ1*ДБ,

мұндағы:

Қ1 – жылына 1 науқасқа көрсетілетін қызметтер саны,

ДН – барлық диспансерлік науқастар.

1 науқасқа шаққандағы сома мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$C1=Қ*С1$,

мұндағы:

Қ – қызмет құны,

С1 – 1 науқасқа шаққанда көрсетілетін қызметтер саны.

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберіндегі медициналық
көмектің және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесіндегі
медициналық көмектің
көлемдерін жоспарлау
әдістемесіне
5-қосымша

Пациенттің жіті немесе созылмалы ауру себебі бойынша жүгіну шеңберінде диагностика мен емдеу кезінде көлемдерді жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Созылмалы аурудың жіті немесе асқыну себебі бойынша пациентті қабылдау шеңберінде көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемі нозология және жыныстық-жас топтары бөлінісінде жыныстық-жас топтарының сырқаттанушылығы мен санының өзгеруіне сәйкес айқындалады.

Нозология және жыныстық-жас топтары бөлінісінде жіті немесе созылмалы аурудың асқыну себебі бойынша көрсетілетін қызметтер санын есептеу үшін деректер

Өңір	Жынысы	Ж а с санаты	АХЖ-10 бойынша ауру коды	Жүгіну себебі	Көрсетілетін қызметтер коды	Көрсетілетін қызметтер атауы	Б і р бірлікке бағасы	Саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АХЖ-10-аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі, оныншы қайта қарау.

Жоспарланған жылға науқастардың болжамды саны

						Келесі жылға науқастардың		
--	--	--	--	--	--	---------------------------	--	--

Науқас емделген өңір	АХЖ-10 тобы	Жас санаты	Жынысы	Өткен жылы науқастардың саны	болжамды саны	Бір жылдағы жағдайдың орташа құны
1	2	3	4	5	6	7

Жедел немесе созылмалы аурудың себебі бойынша пациентті қабылдау үшін көрсетілген қызметтерді қамтамасыз етуге болжамды қажеттілікті есептеу үшін деректер

Өңір	Жынысы	Жылы, жасы	Нозология	Жүгіну себебі	Көрсетілетін қызмет коды	Көрсетілетін қызмет атауы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Нозология себебі бойынша жүгінудің жоспарлы саны і, жыныстық-жас тобында J, жасы Y, өңірде r	Нозология себебі бойынша жүгінушілердің жоспарлы саны і, жыныстық-жас тобында j, жасы Y, өңірде r
8	9

кестенің жалғасы

Нозология бойынша болжамды сырқаттанушылық і, жыныстық-жас тобында j, жасы Y, өңірде r	Нозология себебі бойынша болжамды сырқаттанушылық і, жыныстық-жас тобында j, жасы Y + 1, өңірде r
10	11

кестенің жалғасы

Нозология себебі бойынша і, жыныстық-жас тобында j, жасы Y + 1, өңірде r жоспарланған өтініштер саны	ҚР бойынша жасы Y-1 жыныстық-жас тобында J нозология бойынша I өтініштің есептік орташа құны (жасы Y-1 қызметтерінің саны және жасы Y + 1 қызметтерінің тарифтері бойынша); қызмет құны, бірлік	I тариф бойынша жоспарланған бюджет, жасы Y + 1, өңірде r, теңге
12	13	14

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне
6-қосымша

Травматологиялық пункттердегі көрсетілетін қызметтерді жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу деректері

--	--	--	--

Өңірдің атауы	Халық	Алдыңғы жылғы факт		Ағымдағы жылдың базасы бойынша	
		Көрсетілетін қызметтер саны	Ұсынылған сома, мың теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Ұсынылған сома, мың теңге
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Өңделген база					
Саны	Ұсынылған сома, мың теңге	Консультациялар саны (хирург+травмотолог)	Халық санына консультациялар үлесі	Диагностикалық және емдеу қызметтерінің саны	1 консультацияға көрсетілетін қызметтің жиілігі
7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы

Көрсетілетін қызметтер санын түзету *			Консультациялар саны (хирург+травмотолог)	Халық санының өсуі	Болжам		
1 консультацияға көрсетілетін қызметтердің жиілігі	Диагностикалық және емдеу қызметтерінің саны	Диагностикалық және емдеу қызметтерінің саны			Саны	Көрсетілетін қызметтің орташа құны, теңге	Ұсынылған сома, мың теңге
13	14	15	16	17	18	19	20

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне
7-қосымша

Стоматологиялық көмектің көрсетілетін қызмет көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық көмектің (жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға көрсетілетін қызметтерден басқа) көрсетілетін қызмет көлемін жоспарлау мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$W_c = C_b * R_b * F_{орт.б.} + C_b * R_b * F_{сп.б.},$$

мұндағы:

W_c – балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық көмектің көрсетілетін қызметтерінің көлемі;

C_b – алдағы жылға өңірдегі балалардың болжамды саны;

Рб – балалардың болжамды саны арасында жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету ықтималдығы;

Форт.б. – алдыңғы жылдағы бір балаға көрсетілетін қызметтердің нақты саны;

Сб – алдыңғы жылдағы өңірде жүкті әйелдердің болжамды саны;

Рб – жүкті әйелдердің болжамды саны арасында жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету ықтималдығы;

Форт.б. – алдыңғы жылдағы бір жүкті әйелге көрсетілетін қызметтердің нақты саны.

Жоспарлы емдеу қызметтеріне бюджетті жоспарлау кезең кезеңмен айқындалады:

1) бірінші кезеңде өңір деңгейінде бюджетті жоспарлау мына формула бойынша айқындалады:

$$V = Cost * Wc,$$

мұндағы:

V – өңірде алдыңғы жылға жоспарланған бюджет;

Cost – алдыңғы жылдағы қызметтің нақты орташа құны.

2) екінші кезеңде республика деңгейінде бюджетті жоспарлау өңірлердің бюджеттерін жинақтау жолымен айқындалады.

Қазақстан Республикасы бойынша жоспарланатын бюджет мына формулаға сәйкес есептеледі:

$$BK = \sum ЖБ,$$

мұндағы:

ЖБ – жоспарланған бюджет.

Халықтың қажеттілігі негізінде
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шенберіндегі медициналық
көмектің және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесіндегі
медициналық көмектің
көлемдерін жоспарлау
әдістемесіне
8-қосымша

Жүкті әйелдерді бақылау (антенатальды бақылау) қызметтерін, пренатальді және медициналық-генетикалық скрининг қызметтерін ескере отырып, жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Аntenатальды бақылау – жүктіліктің, босанудың және босанғаннан кейінгі кезеңнің асқынуларының алдын алу және ерте анықтау мақсатында жүкті әйелдерді бақылау.

Пренатальды скрининг – жүкті әйелдерді хромосомалық патология және құрсақішілік ұрықтың туа біткен даму ақаулары (бұдан әрі – ТДА) бойынша тәуекел тобын анықтау мақсатында кейіннен генетикалық диагнозды нақтылай отырып, жаппай кешенді стандартталған зерттеп-қарау.

Алдағы кезеңге жүкті әйелдердің болжамды саны "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 тіркелген) 32 "Жүкті әйелдерге, босанушыларға және босанғандарға медициналық көмек туралы есеп" жылдық есеп нысанының алдыңғы жылғы деректері негізінде қалыптастырылады.

Физиологиялық жүктілікті қадағалап қарау шығыстарының (пренатальді скринингті ескере отырып) есебі

№	Көрсетілетін қызмет коды	Көрсетілетін қызмет атауы	Жүкті әйелдердің асқынусыз болжамы	Құны	Еселік	Ықтималдығы	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Патологиялық жүктілікті қадағалап қарау шығыстарының (пренатальді скринингті ескере отырып) есебі

№	Көрсетілетін қызмет коды	Көрсетілетін қызмет атауы	Жүкті әйелдердің асқынусыз болжамы	Құны	Еселік	Ықтималдығы	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Жүкті әйелдерді антенатальді бақылауды жүргізу шығыстарының есебі

№ р/с	Өңір	Көрсетілетін қызметтердің барлығы	Барлық сомасы, мың теңге	Жүкті әйелдер санының болжамы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Патологиялық жүктілікті қадағалап қарау			Физиологиялық жүктілікті қадағалап қарау		
Саны	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге	Саны	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
6	7	8= 6*7	9	10	11

кестенің жалғасы

Жүктіліктің 1 триместріндегі акушерлік УДЗ (С03.031.004)					
Еселік	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Сомасы, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
11	12	13	14= 12*13	15	16= 14*15
Жүктіліктің 2-3 триместріндегі акушерлік УДЗ (С03.032.004)					

Еселігі	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Сомасы, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
17	18	19	20= 18* 19	21	22= 20* 21

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне 9-қосымша

Білім беру ұйымдарында (мектеп медицинасы) оқушыларға медициналық қызмет көрсету көлемін жоспарлау үшін қолданылатын есептеу әдістері мен құралдары

Көлемдерді жоспарлау ақпараттық жүйелердің деректері мен статистикалық деректер негізінде жүзеге асырылады, олардың негізінде оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша (мектеп медицинасы) қызметтердің нақты санына қала және ауыл бөлінісінде алдыңғы жылғы кезенге жасына және жынысын ескере отырып талдау жүргізіледі.

Жоспарланған бюджетті есептеу

Өңірдің білім беру ұйымдарында (мектеп медицинасы) оқушыларға медициналық қызмет көрсету бойынша жоспарланатын бюджет білім беру ұйымдарында білім алушылар санына мына формула бойынша есептеледі:

$$BP = T * N * 12,$$

мұндағы:

T – түзету коэффициенттерін ескере отырып, бір оқушыға шаққанда өңірдің жан басына шаққандағы норматив тарифі;

N – білім беру ұйымдарында білім алушылардың саны.

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне 10-қосымша

Ересектер мен балалардың мақсатты топтарының профилактикалық медициналық тексеру/скринингтік зерттеу қызметтерін жоспарлау үшін қолданылатын есептеу әдістері мен құралдары

0-ден 18 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық қарап-тексеру көрсетілетін қызметтердің болжамды қажеттілігін есептеу

№	Жасы	Зерттеуге жататын халық саны	Көрсетілетін қызметтер саны	Барлығы сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5
	Өңір N			

кестенің жалғасы

Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
6	7	8	9= 7*8	10=6*10

кестенің жалғасы

Консультация: Оториноларинголог				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
11	12	13	14=12*13	15= 11*14

кестенің жалғасы

Консультация: Невропатолог А02.018.000				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
16	17	18	19=гр.16*гр.17	20=гр.15*гр18

кестенің жалғасы

Балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларының, жүктілігі бойынша есепте тұрған әйелдердің ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексерулер D03.008.003				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
21	22	23	24=21*22	25=20*23

кестенің жалғасы

Консультация: Офтальмолог А02.023.000				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
26	27	28	29	30

кестенің жалғасы

Консультация: Эндокринолог А02.021.000				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Жылыту маусымының коэффициенті	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге

Нысаналы топ, адам	Тариф	Көрсетілетін қызметті пайдалану ықтималдығы %	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
31	32	33	34	35

кестенің жалғасы

Электроэнцефалография С02.020.000				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Көрсетілетін қызметті пайдалану ықтималдығы %	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
36	37	38	39	40

кестенің жалғасы

Консультация: Уролог А02.026.000				
Нысаналы топ, адам	Тариф	Көрсетілетін қызметті пайдалану ықтималдығы %	Құны, теңге	Сомасы, мың теңге
41	42	43	44	45

Ересек халыққа скрининг жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің болжамды қажеттілігін есептеу

Жатыр мойны обырын ерте диагностикалау мақсатында скринингтер жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің болжамды қажеттілігін есептеу

Нысаналы топ, адам	1-кезең						
	Сұйықтық тест В08.749.002						
	Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6=4*5	7=2*3	8=6*7

кестенің жалғасы

2-кезең Консультация: Акушер-гинеколог А02.004.000						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
9	10	11	12	13=10*11	14=9*10	15=13*14

кестенің жалғасы

2-кезең Бейнекольпоскопия С01.034.001						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
16	17	18	19	20=17*18	21=16*17	22=20*21

кестенің жалғасы

2-кезең Жатыр мойнының биопсиясы D67.110.126						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
23	24	25	26	27=24*25	28=23*24	29=27*28

кестенің жалғасы

2-кезең Күрделілігі 3 санаттағы операциялық-биопсиялық материалдың 1блок- препаратын гистологиялық зерттеу B08.737.001

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
30	31	32	33	34=31*32	35=30*31	36=34* 35

Сүт безі обырын ерте диагностикалау мақсатында скринингтік жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтеріне болжамды қажеттілікті есептеу

1-кезең Маммография

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5=2*3	6=1*2	7=5*6

кестенің жалғасы

1-кезең Консультация (2 рентгенограмманы оқу): Рентгенолог A02.074.000

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
8	9	10	11	11=9*10	12=8*9	13=11*12

кестенің жалғасы

2-кезең Консультация: Онколог A02.039.000

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
14	15	16	17	18=15*16	19=14*15	20=18*19

кестенің жалғасы

2-кезең Консультация: Маммолог A02.052.000

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
21	22	23	24	25=22*23	26=21*22	27=25*26

кестенің жалғасы

2-кезең Нысаналы маммография (1 пациентке 2 зерттеу) C03.084.005

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
28	29	30	31	32=28*29	33=27*28	34=31*32

кестенің жалғасы

Трепанобиопсия D41.312.427

Нысаналы топ , адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
35	36	37	38	39=36*37	40=35*36	41=39*40

кестенің жалғасы

2-кезең Стереотаксисті бақылау үшін пункциялық биопсия						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
42	43	44	45	46=43*44	47=42*43	48=46*47

кестенің жалғасы

2-кезең Гистологиялық зерттеу операциялық-биопсиялық материалдың күрделіліктің 1 блок-препараты 3 санаты В08.737.001						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
49	50	51	52	53=50*51	54=49*50	55=53*54

кестенің жалғасы

2-кезең Нысаналы маммография (1 кескінде) С03.084.005						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
56	57	58	59	60=57*58	61=56*57	62=60*61

Колоректалды обырды ерте диагностикалау мақсатында скринингтік қарап-тексеру жүргізу бойынша қызметтерге болжамды қажеттілікті есептеу

Нысаналы топ, адам	1-кезең						
	Экспресс әдіспен нәжістегі жасырын қанды айқындау (геокульт-тест) В03.103.003						
	Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6=4*5	7=2*3	8=6*7

кестенің жалғасы

2-кезең Скринингтік тотальді бейнеколоноскопия С01.037.001						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
9	10	11	12	13=10*11	14=9*10	15=13*14

кестенің жалғасы

2-кезең Күрделілігі 3 санаттағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу В08.737.001						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
16	17	18	19	20=17*18	21=16*17	22=20*21

кестенің жалғасы

2-кезең. Консультация: Онколог						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге

23	24	25	26	27=24*25	28=23*24	29=27*28
----	----	----	----	----------	----------	----------

Қантты диабетті ерте диагностикалау мақсатында скринингтер жүргізу жөніндегі қызметтердің болжамды қажеттілігін есептеу

Нысаналы топ, адам	1 кезең						
	Қандағы гликирленген гемоглобинді талдауышта анықтау (B03.328.002)						
	Мақсатты топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6=4*5	7=2*3	8=6*7

В және С вирусты гепатиттерін (қауіп тобы) ерте диагностикалау мақсатында скринингтік қарап-тексеру жүргізу қызметтеріне болжамды қажеттілікті есептеу

ИФТ-әдісімен қан сарысуында HBsAg анықтау (B06.125.005)						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5=3*4	6=1*2	7=5*6

кестенің жалғасы

ИФТ-әдісімен қан сарысуында С гепатитін анықтау (растайтын) (B06.469.005)						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
8	9	10	11	12=8*9	13=7*8	14=11*12

кестенің жалғасы

ПТР әдісімен биологиялық материалда С гепатиті вирусының РНК анықтау (B09.820.020)						
Нысаналы топ, адам	Еселік	Тариф	Жылыту коэффициенті	Құны, теңге	Көрсетілетін қызметтер саны	Сомасы, мың теңге
15	16	17	18	19=16*17	20=15*16	21=19*20

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

НbsAg – аустралиялық антиген;

ИФА – иммундық-ферменттік талдау;

РНҚ – рибонуклеин қышқылы;

ПТР – полимеразды тізбекті реакция.

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне
11-қосымша

Бағдарламалық диализ қызметтерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Бағдарламалық гемодиализ қызметтерінің көлемін жоспарлау науқастардың жыл сайынғы өсімі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Амбулаториялық гемодиализ сеанстарының болжамды санын есептеу

Өңір	Халықаралық тәжірибе көрсеткішін ескере отырып, амбулаториялық гемодиализ қызметтерін алушылардың болжамды орташа саны Ж + 1 өңірде г, жылына	г өңірдегі Ж + 1 бір жылдағы жағдайлардың болжамды саны
1	2	3

кестенің жалғасы

Жылына бір алушыға амбулаториялық гемодиализ сеанстарының бекітілген саны (бір қызмет алушыға 156 жиынтық немесе айына 13 сеанс)	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ сеанстарының болжамды саны Ж + 1 өңірде г	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ қызметтерін алушылардың болжамды орташа саны Ж + 2 өңірде г	
4	5	6	

кестенің жалғасы

г өңірдегі Ж + 2 бір жылдағы жағдайлардың болжамды саны	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ сеансының болжамды саны Ж + 2 өңірдегі г	г өңірде Ж + 3 бір жылдағы халықаралық тәжірибе көрсеткішін ескере отырып, амбулаториялық гемодиализ қызметтерін алушылардың болжамды орташа саны	г өңірде Ж + 3 бір жылдағы жағдайлардың болжамды саны	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ сеансының болжамды саны Ж + 3 өңірдегі г	
7	8	9	10	11	

Алдағы кезеңге арналған амбулаториялық гемодиализ қызметтеріне жоспарланған бюджеттің есебі

Өңір	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ қызметтерін алушылардың болжамды орташа саны Ж + 1, өңірде г	Бір жылдағы жағдай болжамды саны Ж + 1 өңірде г	Бір жылдағы амбулаториялық гемодиализ сеанстарының болжамды саны Ж + 1, өңірде г	
1	2	3	4	

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--

Стандартқа сәйкес жылына бір алушыға амбулаториялық гемодиализ сеанстарының бекітілген саны (бір қызмет алушыға 156 жиынтық немесе айына 13 сеанс)	Жылына бекітілген тариф	Өңірде жылына амбулаториялық гемодиализ қызметтеріне жоспарланған бюджет	
5	6	7	

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Ж + 1 – жоспарланған кезеңнің алдағы жылына;

Ж + 2 – жоспарланған кезеңнің алдағы екі жылына;

Ж + 3 – жоспарланған кезеңнің алдағы үш жылына.

Халықтың қажеттілігі негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық көмектің және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің көлемдерін жоспарлау әдістемесіне 12-қосымша

Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көлемдерін жоспарлау үшін пайдаланылатын есептеу әдістері мен құралдары

Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек (бұдан әрі – ММК) қызметтерін жоспарлау қала мен ауыл деңгейлерінде бөлек жүргізіледі.

Стационарды алмастыратын жағдайларда ММК қызметтерінің көлеміне қажеттілікті айқындау:

Республика бойынша белгілі бір жыныстық-жас тобы үшін нақты орташа емдеуге жатқызу жиілігі мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{Жиілік}_{\text{Ж-1}}^{\text{ЖЖТИ}} = \frac{\text{Жағдайлар}_{\text{Ж-1}}^{\text{ЖЖТИ}}}{\text{Халық саны}_{\text{Ж-1}}^{\text{ЖЖТИ}'}}$$

мұндағы:

ЖЖТИ – жыныстық-жас тобының индексі;

АЖ – ағымдағы жыл;

Ж+1 – жоспарлау жүзеге асырылатын жыл;

Ж-1 – алдыңғы жыл;

Жиілік $\frac{ЖЖТИ}{Ж-1}$

– Ж-1 жылы республика бойынша ЖЖТИ жыныстық-жас тобында емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігі;

Жағдайлар $\frac{ЖЖТИ}{Ж-1}$

- ҚР бойынша Ж-1 жылы ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы емдеуге жатқызудың нақты саны;

ХС $\frac{ЖЖТИ}{Ж-1}$

–Ж-1 жылы ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы республика халқының нақты саны.

Осы жыныстық-жас тобы шегінде өңір бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Жиілік}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} = \frac{\text{Жағдайлар}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}}}{\text{Халық саны}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}}},$$

мұндағы:

ӨИ – өңірдің индексі;

Жиілік $\frac{ЖЖТИ,ӨИ}{Ж-1}$

–Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігі ӨИ өңірде;

Жағдай $\frac{ЖЖТИ,ӨИ}{Ж-1}$

– Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы емдеуге жатқызудың нақты саны ӨИ өңірде;

Халық $\frac{ЖЖТИ,ӨИ}{Ж-1}$

– Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы халықтың нақты саны ӨИ өңірде.

Алынған деректер осы жыныстық-жас тобы шегінде әрбір өңір бойынша сырқаттанушылыққа түзетіледі және мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Ауруханаға жатқызу жиілігі}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} = \text{Жиілік}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} * \text{Сырқаттанушылық}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} / \text{Сырқаттанушылық}_{Ж-1}^{\text{ЖЖТИ}}$$

мұндағы:

Ауруханаға жатқызу жиілігі $\frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1}$

– Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобында, ҚР бойынша емдеуге жатқызудың сырқаттанушылыққа түзетілген орташа жиілігі $\Theta И$ өңірде;

Сырқаттанушылық $\frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1}$

- Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобында, сырқаттанушылық $\Theta И$ өңірде;

Сырқаттанушылық $\frac{ЖЖТИ}{Ж-1}$

- Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жастық тобында республика бойынша сырқаттанушылық.

Егер сырқаттанушылыққа түзетілген өңір бойынша ≤ 0.1 емдеуге жатқызудың орташа жиілігі

$$\left| \frac{\text{Ауруханаға жатқызу жиілігі} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1} - \text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ}{Ж-1}}{\text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ}{Ж-1}} \right| \leq 0.1$$

осы жыныстық-жас тобы шегінде республика бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігінен 10%-ден аспайтын мөлшерге ауытқитын болса,

$$\text{Жоспарлы жиілігі} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж+1} = \text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1},$$

өңір бойынша емдеуге жатқызудың жоспарлы жиілігі республика бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігіне теңестіріледі

Жоспарлы жиілігі $\frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж+1}$

- Ж+1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобында республика бойынша емдеуге жатқызудың жоспарлы орташа жиілігі.

Егер сырқаттанушылыққа түзетілген емдеуге жатқызудың орташа жиілігі

$$\left| \frac{\text{Ауруханаға жатқызу жиілігі} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1} - \text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ}{Ж-1}}{\text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ}{Ж-1}} \right| > 0,1$$

өңір бойынша осы жыныстық-жас тобы шегінде республика бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігінен 10% -дан астам ауытқитын болса,

$$\text{Жоспарлы жиілігі} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж+1} = \text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1} + 0.2 * (\text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ}{Ж-1} - \text{Жиілік} \frac{ЖЖТИ, \Theta И}{Ж-1}),$$

өңір бойынша емдеуге жатқызудың жоспарлы жиілігі республика бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігі мен республика бойынша емдеуге жатқызудың орташа жиілігі арасындағы +/- 1/5 айырмашылықтан өңір бойынша емдеуге жатқызудың нақты орташа жиілігі ретінде есептеледі.

Стационарды алмастыратын көмек көрсету көлемін жоспарлау мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Жағдайлар}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} = \text{Жоспарлы жиілігі}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} * \text{Халық}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}},$$

мұндағы:

$$\text{Жағдайлар}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}}$$

– Ж + 1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы, ӨИ өңірде жағдайлардың жоспарланған саны;

$$\text{Халық}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}}$$

– Ж + 1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы халықтың болжамды саны, ӨИ өңірде.

3. Стационарды алмастыратын жағдайларда ШКС бюджетін жоспарлау кезең-кезеңімен айқындалады:

1) бірінші кезеңде осы жыныстық-жас тобы шегінде өңір деңгейінде бюджетті жоспарлау мынадай формула бойынша айқындалады:

$$B_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} = \text{Жағдайлар}_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}} * \overline{\text{Орт. құны}}_{\text{Ж}-1}^{\text{ЖЖТИ}} * \text{БМ}_{\text{Ж}+1} / \text{БМ}_{\text{Ж}-1},$$

қайда:

$$B_{\text{Ж}+1}^{\text{ЖЖТИ,ӨИ}}$$

– Ж + 1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобындағы жоспарланатын бюджет, ӨИ өңірде;

$$\overline{\text{Орт. құны}}_{\text{Ж}-1}^{\text{ЖЖТИ}}$$

– республика бойынша Ж-1 бір жылда ЖЖТИ жыныстық-жас тобында емделіп шыққан жағдайдың нақты орташа құны;

$$\text{БМ}_{\text{Ж}+1}$$

– Ж + 1 бір жылда базалық мөлшері;

$БМ_{Ж-1}$

– Ж-1 бір жылда базалық мөлшерлеменің мөлшері.

2) екінші кезеңде өңірдің деңгейінде бюджетті жоспарлау барлық жыныстық-жас топтары бойынша мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Б_{Ж+1}^{\Theta И} = \sum_{ЖЖТИ} Б_{Ж+1}^{ЖЖТИ, \Theta И},$$

мұндағы:

$Б_{Ж+1}^{\Theta И}$

